

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Адами құндылықтар

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.11.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/109342/>

Пән: Қазақ тілі

Бөлім: №2. Адами құндылықтар

Күні:

Сынып: 4 Мектеп:

Мұғалімнің аты-жөні: Қуанышова Гулжайна

Қатысқандар:

Қатыспағандар саны:

Сабақ тақырыбы: №3 Көркем мінез дегеніміз не?

Мәтіннің тақырыбы және мәтіндегі негізгі ой

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 4.2.4.1 — мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау

4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру

Сабақ мақсаттары

Барлық оқушылар:

-мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды

— мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;

— каллиграфиялық нормаларды сақтайды.

Оқушылардың көбі:

-мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды және өз ойын дәлелдейді;

— мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдайды;

— каллиграфиялық нормаларды сақтайды және жазу техникасын жетілдіреді

Оқушылардың кейбірі:

— мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды және өз ойын дәлелдейді;

-мәтіндегі негізгі ойды нақты тұжырымдайды;

— каллиграфиялық нормаларды сақтап, шапшаң жазады

Бағалау критерийлері -мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды

-өз ойын дәлелдейді

-мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдайды

— каллиграфиялық нормаларды сақтап, шапшаң жазады

Сөздік қор Пәндік терминология мен тірек сөздер

Мәтіннің тақырыбы, негізгі ой

Диалог пен жазу үшін пайдаланылатын сұрақтар:

Талқылау үшін сұрақтар:

-Мәтін не туралы?

-Мәтіндегі негізгі ой қандай?

-Мәтіннің тақырыбы мен мазмұны сәйкес пе?

Құндылықтарды дарыту Қамқорлық

Пәнаралық байланыстар Әдебиеттік оқу, дүниетану

АКТ қолдану дағдылары —

Бастапқы білім Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарлан

ған кезеңдері Сабақта жоспарланған іс-әрекет

Ресурстар

Сабақтың басы

3 мин

I. (Ұ, Ж,) Ұйымдастыру кезеңі.

Ширату тапсырмасы.

«Шаттық шеңбері» оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне тілектерін білдіреді.

• Сабақтың тақырыбын хабарлау, сабақ мақсатын оқушылармен талқылау, топ ережесін құру.

Топ ережесі:

- сабақта белсенді болу;
- өз ойын толық жеткізу;

- бір-бірін мұқият тыңдау

Сабақ мақсатын хабарлау, бағалау критерийлерін бірге белгілеу. 2-слайд

3-слайд

Сабақтың ортасы

5 мин

10 минут

2 минут

10 минут

8 минут

II. (МК, Т) Оқулықпен жұмыс. 10-жаттығу.

1-тапсырма: Мәтінді оқып, ат қой

Жұмыстың реті: Әр топ оқушылары мәтінді оқиды.

Мәтінге ат қояды. Қойған атауларын сынып алдында жариялайды.

-Кімнің қойған атауы ұнады? Неліктен ұнағанын түсіндір.

Бірнеше оқушы тыңдалады.

ҚБ: «Жарайсың!», «Бұл пікірің біз үшін өте құнды!» сөздері арқылы кері байланыс ұсыну.

III. (Ж, Ө, МК) 11-жаттығу

Тапсырма: Оқы. Мәтін атауына сәйкес келмейтін сөйлемді тап. Осы сөйлемді алып тастап, мәтінді атымен көшіріп жаз.

Жұмыстың реті «Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі арқылы жүргізіледі

Оқушылар белгіленген уақыт ішінде мәтінді оқып шығады.

Артық сөйлемді қарындашпен белгілейді.

Жұпта ой бөліседі.

Топта талқыланады, ортақ шешім шығарады.

Әр топтың шешімі сынып алдында жарияланады, қажет болса мұғалімнің көмегімен дұрыс шешім қабылданады.

Артық сөйлемді алып тастап мәтінді дәптерлеріне көшіріп жазады.

Саралау. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт беріледі

Дескриптор:

— Ол өсіп тұрған гүлді жұлып алды сөйлемін жазбайды.

— грамматикалық және пунктуациялық нормаларды сақтайды;

— каллиграфиялық талаптарды сақтайды.

Сергіту сәті.

«Жақсылық-жамандық» ойыны (оқушылар орындарынан тұрады. Жақсылық – қол шапалақтау, жамандық – аяқпен тарсылдату).

Ағаш отырғызу .

Орманды өртеу .

Құстарға жем шашу .

Құстың ұясын бұзу .

Құстарға ұя салу .

Суды ластау .

Орманда қалдық заттарды қалдыру .

Гүлдерді баптау .

Ағаштарды кесу .

-Тамаша, өте жақсы!

ІҮ. (ОТ, Т, Ұ, МК) 13-жаттығу. Өлеңдерді оқы. Олар қандай тақырыпқа жазылған.

Топтар кесте бойынша жұмыс жасайды.

Тақырыбы Автор өлеңді қандай көңіл-күймен жеткізеді? Өлеңдегі көңіл-күйді білдіретін сөздер

1 өлең

2 өлең

Әр топ өз жұмысын «ПОПС формуласы» бойынша қорғайды.

- Бірінші сөйлем: «Біздің топтың ойынша,....»
- Екінші сөйлем: «Себебі, біз оны былай түсіндіреміз...»
- Үшінші сөйлем: «Оны біз мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламыз....»
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты біз мынадай қорытынды шешімге келдік...»

Дескриптор:

-1 өлеңге ат қояды

-2 өлеңге атқояды

-өлеңдегі көңіл-күйді білдіретін сөздерді жазады

-өз шешімдерін дәлелдейді

ҮІІ. (ОТ.Т) 14-жаттығу. «Ассоциативті қатар» әдісі бойынша . Тақтаға оқулықта

берілген тақырыптар ілінеді.

Күз Күзгі дала Күзгі еңбек Күзгі орманға саяхат Күздің қызықты бір күні

Әр тақырыптың астына оқушылар осы тақырыпқа сәйкес ассоциациялар жазып шығады.

Топтар өзіне ұнаған тақырып бойынша тақтадағы сөздерді қолдана отырып шағын мәтін құрастырады.

Парақшалар

4-слайд

5-слайд

Сабақтың соңы

2 минут

Рефлексия

Менің сабаққа қатысу деңгейім: (белгілейді)

Өте жоғары _____

Жақсы _____

Орташа _____

Мүлдем қатыспадым _____

Бағалау критерийлері Қолым
нан келеді Көмек
қажет етемін
мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтай аламын
өз ойымды дәлелдеймін
мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдай білемін
каллиграфиялық нормаларды сақтап, шапшаң жазады

Үй тапсырмасы: 12-жаттығу.
6-слайд

Бағалау парақшалары
7-слайд

Саралау- оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қояды жоспарлап отырсыз? Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Қарқын тәсілі бойынша саралау. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт беру.Әр топта оқушылардың түгелдей сабаққа қатысуын қадағалау. Қалыптастырушы бағалау дескрипторына сәйкес жүреді, оқушылардың жетістіктерін мадақтау. Сыныпта қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Жазу жұмысынан кейін қимыл-қозғалыс сергіту сәтін ұйымдастыру.

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?

Жеткізбесе, неліктен?

Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме?

Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?

Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

Сабақты жақсарту үшін қандай өзгеріс енгізуге болады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылар туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

ҚМ АА Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.